

## МӘНМӘТІН

Қоқыстар және оларды қайта өңдеу тәсілдері тақырыбына арналған аталған сабақтар сериясы қуыршақ спектакльдеріне арналған сценарийлер жинағын білдіреді және тиісті саусақты қуыршақтар жинағымен толықтырылады. Сабақтар мектеп жасына дейінгі балаларға, күнделікті қолданылатын заттар неден жасалатындығын, олар қалай қоқысқа айналатындығын және қоқысты қайта өңдеу оның мөлшерінің азаюына қалай әсер ететіндігін, қолжетімді ойын формасында түсіндіруге арналған. Спектакль ойнай отырып, білім алушылар қажетті коммуникативтік-тілдік, әлеуметтік және шығармашылық құзіреттілікті дамытып қана қоймайды, сонымен қатар эко-бағдарланған ойлауды және қоршаған ортаға аялай қарауды қалыптастыратын экологиялық мәдениеттің базистік қағидаттарын игереді деп күтілуде.

Ұсынылып отырған сабақтар жоғарыда аталған педагогикалық міндеттерді қалай жүзеге асыруға болатындығының мысалы болып табылады. Сабақтар нақты бір мектепке дейінгі мекеменің білім беру мақсатына жеңіл бейімделуі мүмкін. Спектакль кейіпкерлеріне есімдер берілмеген, себебі білім алушылардың әрбір тобы оны өзіне сәйкестендіруі үшін. Сабақ алдында оқытушы топпен бірге кейіпкерлердің мінез-құлқын қарастырады деп болжанады.

Спектакльдерде кейіпкерлер үшін қатаң жазылған реплика жоқ – тек олар өздерінің басына түсіп жүрген түрлі оқиғалар ғана сипатталады.

Бұл білім алушыларды шығармашылық сөздік қызметке ынталандыру мақсатында жасалған.

Сабаққа кірісе отырып, оқытушы білім алушылардың арасында рөлдерді олардың қалауына және мүмкіндіктеріне сәйкес бөледі, ал сөздері көп рөлді өзіне қалдырады. Көпшілік спектакльдер аудиториямен қарым-қатынасқа құрылады.

## КЕЙІПКЕРЛЕР

СУПЕР-КАНАРМАНДАР	<b>Қоқыс пакеті</b>	Ұл бала. Позитивті, қайырымды, жылы шырайлы, ойдан құрастырғыш-қиялшыл, әуесқой, жеңілтек Суперқабілеті: кеңістікте тез ауысуы; басқа кейіпкерлердің ауысуы үшін ауа үрленген шар түрінде әрекет етеді	
	<b>Жұмыр шыны</b>	Ұл бала. "Ақылды", білімді, мақтаншақ, өзінің зияткерлік басымдығын әрқашан көрсетіп отырады, рационалды, парасатты. Суперқабілеті: табиғи құбылыстардан жауларынан қорғайтын, кез келген көлемдегі шыны күмбезге айнала алады	
	<b>Майлық</b>	Қыз бала. Өзінің сырт келбетіне көп көңіл бөледі; өзіне сенгіш, елгезек, бейімделгіш, өзгеріп тұратын жағдайға тез бейімделе алады. Суперқабілеті: өзінің бірегей «келбетін» сақтай отырып, түрлі кейіпке бүктеле алады (заттар, құлып кілттері және т.б.)	
	<b>Тістелген алма</b>	Ұл бала. Арсыздау, қорықпайтын, ережеге қарсы шығып тұратын, әрқашан жайсыз оқиғаларға тап болып жүреді, өзін өзі мысқалдаушы. Суперқабілеті: өсімдіктерді басқару (тағам өсіру, жауға қарсы және т.б. қарсы ағаштан «қабырға» тұрғызу)	
ОТБАСЫ	<b>Анасы, Әкесі</b>		
	<b>Балалар</b>	<b>P1</b>	Қыз бала, 14 жаста. Тәртіпті, оқу үздігі, байсалды, күн тәртібін ұстанады, рационалды, қармқоршы, тек оқу пәндері аясында ақылды
		<b>P2</b>	Ұл бала, 12 жаста. Сотқар, заманауи, технологиялық гик, жалқау, зерек
<b>P3</b>		Қыз бала, 6 жаста. Қызыққұмар, болып жатқан барлық оқиғаға таңқалғыш, сенгіш, аздап шаттанған, сенгіш, барлық адам мен жануарларды сүйеді	
ЖАНУАРЛАР	<b>Мысық</b>	Тазалық құмар, ашуланшақ, өзгелердің оның өзін түрлі оқиғаларға қатыстырып жіберетіндігіне наразы, бірбеткей	
	<b>Ит</b>	Алаңғасар, ақкөңіл, көп орын алады, қоқыстарды ақр\таруға құмар, ережелерді шатыстырып алады, бос қателіктер жіберіп жүреді	
	<b>Барыс</b>	Шымыр денелі, патриот, батыл, әрқашан көмекке асығады, белсенді, көшбасшы	
	<b>Бүркіт</b>	Қарт, данагөй, ақылды, шыдамсыз, тарихи оқиғаларды жинап және әңгімелеп отырады	